





«АТКО Кәсіптік білім беру
ортасы» КММ директоры
_____ А. Ақылбек
2021 ж.

Өскемен қаласы, 2021 ж.

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже ШҚО ТЖКБ жүйесі оқу орындарының математика және физика пән оқытушылары арасында «Үздік бейнесабак» облыстық қашықтық байқауын (бұдан әрі - Байқау) өткізу және оған қатысу тәртібін, шарттарын реттейді.

Байқаудың мақсаты - озық педагогикалық тәжірибені тарату, сондай-ақ бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігінде педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзыреттілігін арттыру.

Байқаудың міндеттері:

- педагог мәртебесін нығайтуға және оның имиджін арттыруға жәрдемдесу;
- үздік педагогикалық тәжірибелерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- білім беру қызметкерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту;
- ШҚО виртуалды білім беру кеңістігіндегі үздік бейнесабактар банкін толықтыру.

Байқауды ұйымдастырушылар – «ШҚО Кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық» КМҚК.

Байқауды ұйымдастыру, өткізу және оның қорытындыларын шығару, жеңімпаздарды марапаттау үшін ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы құрылады.

Облыстық деңгейдегі ұйымдастыру комитеті конкурстық материалдарды беру мерзімін, байқауды өткізу күнін айқындайды, қазылар алқасының жұмысын қамтамасыз етеді, байқауға қатысушыларды марапаттау нысаны мен тәртібін айқындайды.

2. Бейнематериалдың мазмұнына қойылатын талаптар

Бейнематериал байқауға қатысушының қалауы бойынша қазақ/орыс/ағылшын тілдерінде жасалуы мүмкін.

Жұмыс форматы:

- дәріс (оқыту және тәрбиелеу әдісі, белгілі бір саладағы идеялар жүйесін дәйекті монологиялық баяндау);

- сабақ (білім беру бағдарламасымен анықталған дидактикалық және тәрбиелік мақсаттарға жету үшін әртүрлі әдістерді қолдана отырып, нақты белгіленген уақыт шегінде тұрақты кесте бойынша студенттердің тұрақты құрамымен айналысатын оқу жұмысын ұйымдастыру нысаны);

- практикалық / зертханалық жұмыс (теориялық білімді тереңдету және бекіту, өз бетінше эксперимент жасау дағдыларын дамыту мақсатында өзіндік практикалық жұмыс түрлерінің бірі);

- семинар (баяндама, реферат және оны бірлесіп талқылау түрінде материалды кейіннен ресімдей отырып, жеке сұрақтар, мәселелер, тақырыптар жетекшісінің тапсырмасы бойынша білім алушылардың өз бетінше оқуына құрылған оқу процесінің нысаны);

- мастер-класс (шығармашылық, педагогикалық қызметтің белгілі бір саласында маман өткізетін практикалық шеберлікті жетілдіру бойынша оқытудың өзіндік әдісі және нақты сабақ).

3. Байқауға қатысу тәртібі

Байқауға ШҚО Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагог қызметкерлері жеке де, тең авторлықта да қатыса алады, 2 педагогтан артық емес.

Байқаудың әрбір қатысушысынан берілетін бейнематериалдардың саны біреуден аспайды. Байқауға қатысуға өтінім қосымшаға (1-қосымша) сәйкес **2021 жылдың 18.01-26.01 аралығында** nurjan_koke@mail.ru электронды мекенжайына жолдануы қажет.

Бұрын жарияланбаған, басқа байқауға қатыспаған, интернет желісінде орналастырылмаған бейнематериалдар байқауға қатысуға жіберіледі.

Сараптамалық комиссияның бейнематериалдарды қарау мерзімі: **2021 жылғы 27-28 қаңтар.**

Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды анықтау мерзімі: **2021 жылғы 29 қаңтар.**

4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Қатысушы бейнематериалды жасағаннан немесе жетілдіргеннен кейін оны «бұлтты» технологияға жүктеу үшін колледждің ақпараттық-техникалық бөліміне тапсырады. Материалды жүктеу кезінде файл атауы бейне сабақтың атауымен бірдей болуы керек.

Байқау жұмыстарының жүктеу кезеңі аяқталғаннан кейін қатысушы барлық материалдарды ұйымдастырушыларға жібереді.

Ұйымдастырушылар байқау жұмыстарын бағалауды критерийлерге сәйкес жүзеге асырады.

Байқау қорытындысы және жеңімпаздар жұмысы (1,2,3 орын) Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығының сайтында орналастырылады.

Байқауға қатысушылар үшінші тұлғалардың авторлық (сабақтас) құқықтарын бұзғаны үшін дербес жауапты болады.

Қатысушы ұсынған және байқауда пайдаланылатын зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды бұзуға байланысты үшінші тұлғалардың наразылықтарын байқауға қатысушы өз күшімен және өз есебінен реттеуге міндеттенеді.

Байқауға өз жұмысын жібере отырып, автор автоматты түрде байқау ұйымдастырушыларына ұсынылған материалды шектеусіз мерзім ішінде олардың қалауы бойынша тегін (сыйақы төлемей) пайдалануға, оның ішінде (бірақ онымен шектелмей) байқауға қатысқан бейнені көпшілікке тарату, оның ішінде интернет желісінде, телебағдарламаларда орналастыру, шығармашылық жобаларға, БАҚ-на жарияланымдарға қосу, одан әрі тираждауды, шығармашылық қайта өңдеуді және т.б. жүзеге асыру құқығын қоса алғанда, сөзсіз құқықтар береді. Байқауға жіберілген жұмыстар (видео) рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Байқауға қатысу арқылы қатысушы байқауды ұйымдастырушымен өзінің дербес деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайлары, бейнесі (фотосуреттері), жұмыс орны) пайдалануға және өңдеуге өз келісімін береді.

Instagram, Facebook қоса алғанда, байқаудың барлық қатысушылары атын, тегін, әкесінің атын және суреттерін (фотосуреттерін) байқауды

ұйымдастырушының сайтында, сондай - ақ баспа басылымдарында, радио және теледидар бағдарламаларында, Интернет-БАҚ-да және ақпаратты жаппай таратудың өзге де құралдарында орналастыруға өз келісімін береді.

5. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар және бағалау критерийлері

Автор өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолданатын педагогикалық идеяны ашу.

Білім берудің заманауи талаптарына сәйкестігі, өзектілігі.

Материалдың әдістемелік және практикалық құндылығы.

Педагогикалық идеяның әмбебаптығы - студенттердің әртүрлі санаттары үшін педагогикалық идеяны басқа жағдайларда қолдану мүмкіндігі.

Автордың тіл мәдениетін сақтауы - тілдік және тілдік емес мәнерлілік құралдарын пайдалану, сөйлеудің фонетикалық ұйымдастырылуы, екпіннің дұрыстығы, нақты дикция, логикалық екпін, арнайы терминология мен белгілерді дұрыс пайдалану;

Сюжеттік желіні құру логикасы (сюжетті құру, сұрақ қою/мәселе, сұрақты шешу/мәселелер).

Әрбір өлшемшарт бойынша 0 - ден 2 баллға дейін беріледі (0 балл - бағалау критерийі көрсетілмеген, 1 балл-ішінара көрсетілген, 2 балл-толық көрсетілген).

Бейнематериалдардың техникалық сипаттамалары:

HD (1280x720) бастап Full HD (1920x1080) дейінгі өлшем;

форматы*. mp4.; бейнематериалдың хронометражы 15 минутқа дейін.

6. Байқауға қатысушыларды марапаттау

Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығының 1, 2, 3 дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Қатысушыларға сертификаттар беріледі. Нәтижелер мен үздік жұмыстар КББ орталығының сайтында орналастырылады.

Анықтама телефондары: 87014434058 (Ықласова Аижан Женисовна)

87753901728 (Кокенов Нуржан Абылкакович)

Қосымша 1

Өтінім үлгісі

№	Оқу орнының атауы	ТАӘ (толық, лауазымы)	Байланыс мәліметтері, электронды пошта	Бейнесабак атауы

Директор _____

МО